

*ҚР Парламенті Мәжілісінің пленарлық отырысында «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» және «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 2021 жылға арналған нысаналы трансферт туралы» мәселелері бойынша ҚРҰБ баяндамасы
Нұр-Сұлтан, 2021 жылғы 5 мамыр*

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы!

Құрметті депутаттар!

Әлемдік және ұлттық экономика үшін 2020 жыл коронавирустық пандемияның таралуы аясында **терең дағдарыспен** сипатталды. Эпидемиологиялық жағдайдың нашарлауы нәтижесінде және соның салдарынан карантиндік шектеулерді енгізуге байланысты барлық елдерде экономикалық белсенділік едәуір қысқарды.

Халықаралық Валюта Қорының бағалауы бойынша әлемдік Ішкі Жалпы Өнімнің төмендеуі 2020 жылы **3,3%** болды.

Осы жағдайларда Қазақстанда іскерлік белсенділікті және жұмыспен қамтуды қолдау үшін Мемлекет басшысының бастамалары бойынша Үкімет пен Ұлттық Банк **бұрын-соңды болмаған жалпы ішкі өнімнің 9%-і (6,3 трлн. теңге)** болатын **дағдарысқа қарсы шаралар топтамасын** қабылдады. Ұлттық Банк экономиканың зардап шеккен секторларындағы кәсіпорындарды қолдау, іскерлік белсенділікті және халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін **2,3 трлн. теңге** сомасында **дағдарысқа қарсы бағдарламаларды қаржыландыруды** қамтамасыз етті.

2020 жылы уақтылы қабылданған шараларға байланысты Қазақстан экономикасы **2,6%-ке** қысқарды, бұл халықаралық ұйымдардың бастапқы бағалауынан төмен.

2021 жылы коронавируспен сырқаттанудың өсуі пандемияның **үшінші толқынына** әкелді, бұл экономикаға **тежейтін әсер** тигізетін болады. Сондықтан коронавируспен сырқаттанудың өсуін тиімді тежеу және халыққа вакцина егу әлемдік экономиканы қалпына келтірудің басты факторлары болады.

Ұлттық Банктің кәсіпорындарға жүргізген сауалнамалары ұлттық экономиканың **қалпына келе бастағанын** көрсетуде. Биылғы жылғы 1-тоқсанда іскерлік белсенділік индексі **2020 жылдың басынан бастап алғаш рет** өсу аймағына (50+) өтті. Биылғы жылғы наурызда көрсетілетін қызметтер секторы (50,7) және өнеркәсіп (50,4) тарапынан **оң үлес қосу** нәтижесінде индекс **50,6** тармаққа, ал сәуірде **50,5** тармаққа жетті.

Мұнайдың жоғары бағасы, **мемлекеттің қолдау шараларын** жалғастыруы және жаппай вакцина егудің басталуы аясында экономиканың қалпына келуі **2021 жылы** Қазақстандағы экономикалық өсу жөніндегі **болжамдарды жақсартуға** мүмкіндік берді. Қазіргі қолайлы сыртқы жағдайлар сақталған және қатаң шектеулер болмаған жағдайда, Халықаралық Валюта Қоры 2021 жылы әлемдік экономиканың **6,0%** деңгейінде өсуін, Қазақстанда **жалпы ішкі өнімнің 3,2%-ке** ұлғаюын күтеді.

Жоғарыда аталғандарды ескере Сіздің назарыңызға Ұлттық Банк 2021 жылға арналған ақша-кредит саясаты көрсеткіштерінің және төлем балансының **жаңартылған болжамдарын** ұсынды.

1. Ұлттық Банк инфляцияға қатысты оның 2021 жылдың соңына қарай 4-6% нысаналы дәлізінің жоғарғы шегіне дейін баяулауын күтеді.

2020 жылы инфляцияның **7,5%-ке** дейін үдеуін карантиндік шаралар жағдайында шикізат пен өнімді жеткізудің бұзылуы, жекелеген нарықтарда азық-түлік өнімдері теңгерімсіздігінің күшеюі аясындағы **азық-түлік бағасының өсуі туындатты**. 2020 жылдың екінші жартысынан бастап бүкіл әлемде **азық-түлік бағасының өсуі жалғасуда**, ФАО азық-түлік бағасының индексі **7 жылдық** ең жоғары көрсеткіштерді жаңартып, **қатарынан 10 ай өсуде (118,5 тармақ)**.

Биылғы жылғы сәуірде Қазақстанда **инфляция азық-түлік инфляциясының 10,7%-тен 9,8%-ке** дейін төмендеуі есебінен екінші ай қатарынан **7,0%** деңгейінде сақталды. **Азық-түлікке жатпайтын инфляция**, көбіне **бензин бағасының өсуі** нәтижесінде **5,6%-тен 6,4-ке** дейін жылдамдады. **Ақылы қызметтер инфляциясы 3,7%-тен 4,1%-ке** дейін жеделдеді, бұл қоғамдық тамақтану, шаштараз және жеке қызмет көрсету қызметтерінің қымбаттау нәтижесінде болды.

2021 жылы **инфляция 4-6%** нысаналы дәлізіне кіру үшін әлі де жоғарғы көрсеткіште сақталып отырған **азық-түлік бағасы өсуінің баяулауы** негізгі фактор болып табылады.

2. Биылғы жылғы бірінші тоқсанда төлем балансының ағымдағы шоты тауарлар импортының 4,8%-ке өсуі

тауарлар экспортының **2,9 млрд.** АҚШ долларына қысқаруы нәтижесінде **(-)1,2 млрд.** АҚШ доллары тапшылығымен қалыптасты.

Тауарлар импорты іскерлік белсенділіктің қалпына келуі және кейінге қалдырылған ішкі сұраныс аясында өсуде.

2021 жылдың нәтижесі бойынша **төлем балансының ағымдағы шоты тапшылығының «барреліне 50 доллар» сценарийі** бойынша **(-)4,8 млрд.** АҚШ долларына дейін одан әрі қысқаруы күтілуде.

Құрметті депутаттар!

Ұлттық Банк жүргізіп жатқан ақша-кредит саясаты шеңберінде, сондай-ақ Үкіметпен белсенді бірлесе отырып, елдің экономикасы үшін жаһандық пандемияның теріс салдарын еңсеру және макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін барлық қажетті құралдарды пайдаланатын болады.

Назарларыңызға рақмет!